

DOI 10.54596/2958-0048-2023-1-137-144

ӘОЖ 811

ҒТАМА 03.81.37

АТАУЛАР МЕН ЖАЛҚЫ ЕСІМДЕРДІҢ НОМИНАТИВТІК-ФОНДЫҚ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Жуанышпаева С.Ж.^{1*}, Мұхамеджанова Г.Т.², Бейсенбаева А.С.³, Баекина Н.М.⁴

**КЕАҚ «М. Қозыбаев атындағы Солтүстік Қазақстан университеті», Петропавл,*

Қазақстан Республикасы

**E-mail: samal500@mail.ru*

Аңдатпа

Қазіргі қазақ тіл біліміндегі өзекті мәселелердің бірі ретінде көркем шығарма атауын, қаламгер тарапынан кейіпкерге қойылатын есімдерді зерттеу арқылы поэтикалық ономастика саласының теориялық-әдістемелік негізін қалыптастыруға болады. Шығарма тіліндегі онимдердің, соның ішінде поэтонимдерді танымдық бағытта этномәдени және этнолингвистикалық тұтастықта қарастыру – қоршаған болмысты ментальді түрде сипаттайтын ономастикалық бірліктер «тіл-сана-ұлт» ауқымында жинақталған таным тәжірибесін мейлінше нақтылауға негіз болады.

Белгілі бір ұлт тілінде көркем әдебиет тілінің алатын орны ерекше. Яғни, әдебиет тілі халық тілінің дамып, қалыптасуында аса зор қызмет атқарады. Тілдік құралдар әдеби тілдің қалыптасуының фактологиялық материалы болып табылатындығын, олардың жеке авторлық қолданыстағы өзіндік қажеттілігін эстетикалық категория ретінде қарастырады.

Ғылыми мақалада көркем туындыдағы ономастикалық бірліктер тіл иесінің көркем ойлау жүйесінің нәтижесі болуымен қатар оның ұлт тіршілігінің барлық саласын қамтитын этномәдени және тілдік таңбалар болып табылатындығы жайында баяндалады. Сонымен қатар атаулардың ерекшеліктері шығарманың сюжетімен, мазмұндық идеясымен, көркем образдар әлемімен, кейіпкер тілімен және кейіпкердің бітім-болмысымен астастырыла суреттеледі. Сол арқылы әр кейіпкер атының астарында ғасырлар бойы қалыптасқан дүниетаным, ұлттық болмыс, ұлттық мінез, ұлттық дәстүр, ұлттық наным-сенімнен туындайтын тілдік құбылыс бар екендігін көрсетіп, авторлар олардың лингвомәдени сипатқа ие болатындығын, сондай-ақ көркем туындыдағы атаулардың қолдану ерекшелігін саралау мен аталымдық қасиетін нақтылау тіл мен мәдениет көрінісін айқындаудың бір бөлігі болып табылады.

Түйінді сөздер: тіл, әдебиет, мәдениет, мінез, шығарма, құбылыс.

НОМИНАТИВНО-ФОНОВЫЕ ОСОБЕННОСТИ ИМЕН И ИМЕН СОБСТВЕННЫХ

Жуанышпаева С.Ж.^{1*}, Мұхамеджанова Г.Т.², Бейсенбаева А.С.³, Баекина Н.М.⁴

**НАО «Северо-Казахстанский университет имени М. Козыбаева», Петропавловск,*

Республика Казахстан

**E-mail: samal500@mail.ru*

Аннотация

В качестве одной из актуальных проблем современного казахского языкознания можно сформировать теоретико-методологическую основу области поэтической ономастики путем изучения названия художественного произведения, имен, обозначающих характер со стороны писателя. Рассмотрение онимов в языке произведения, в том числе поэтонимов в познавательной направленности в этнокультурной и этнолингвистической целостности – ономастических единиц, ментально характеризующих окружающую действительность, служит основанием для максимального уточнения опыта познания, накопленного в масштабе «язык-сознание-нация».

Язык художественной литературы занимает особое место в языке определенной нации. То есть литературный язык играет огромную роль в развитии и становлении народного языка.

То, что языковые средства являются фактологическим материалом формирования литературного языка, рассматривает их самостоятельную потребность в индивидуальном авторском использовании как эстетическую категорию.

Научная статья повествует о том, что ономастические единицы в художественном произведении являются не только результатом художественного мышления носителя языка, но и этнокультурными и языковыми символами, охватывающими все сферы жизни нации. Кроме того, особенности названий иллюстрируются сюжетом произведения, содержательной идеей, миром художественных образов, языком героя и перемирием героя. Указывая тем самым на то, что под именем каждого героя лежат вековые мировоззрения, национальная идентичность, национальный характер, национальные традиции, языковые явления, вытекающие из национальных убеждений, авторы отмечают, что они носят лингвокультурный характер, а также дифференциация специфики использования имен в художественном произведении и уточнение именных свойств являются частью определения выражения языка и культуры.

Ключевые слова: язык, литература, культура, характер, произведение, явление.

INFORMATIVE-BACKGROUND FEATURES OF NAMES AND PROPER NAMES Zhuanyspaeva S.Zh.^{1*}, Mukhamedzhanova G.T.², Beisenbayeva A.S.³, Baekina N.M.⁴

**Non-profit limited company "M. Kozybayev North Kazakhstan University", Petropavlovsk,
Republic of Kazakhstan*

**E-mail: samal500@mail.ru*

Abstract

As one of the urgent problems of modern Kazakh linguistics, it is possible to form a theoretical and methodological basis for the field of poetic onomastics by studying the title of a work of art, names denoting the character on the part of the writer. Consideration of onyms in the language of the work, including poetonyms in cognitive orientation in ethno-cultural and ethno-linguistic integrity - onomastic units that mentally characterize the surrounding reality, serves as a basis for maximum refinement of the experience of cognition accumulated on the scale of "language-consciousness-nation".

The language of fiction occupies a special place in the language of a certain nation. That is, the literary language plays a huge role in the development and formation of the national language. The fact that linguistic means are factual material for the formation of a literary language considers their independent need for individual author's use as an aesthetic category.

The scientific article tells that onomastic units in a work of art are not only the result of artistic thinking of a native speaker, but also ethno-cultural and linguistic symbols covering all spheres of life of the nation. In addition, the features of the titles are illustrated by the plot of the work, the meaningful idea, the world of artistic images, the language of the hero and the truce of the hero. Thus pointing out that under the name of each hero lie age-old worldviews, national identity, national character, national traditions, linguistic phenomena arising from national beliefs, the authors note that they are linguocultural in nature, as well as differentiation of the specifics of the use of names in a work of fiction and clarification of nominal properties are part of the definition of language expression and culture.

Key words: language, literature, culture, character, work, phenomenon.

Кіріспе

Кез келген тілдің лексикалық қорының негізгі қабатын жалқы есімдер құрайды. Олар да тілдің салалары секілді үздіксіз дамып отырады. Бүгінде жалқы есімдер тереңірек дамыған сайын сипаты қалыптасып, өзіндік ерекшеліктері айқындала түсуде. Осыған байланысты қазіргі тіл білімі ғылымының алдында қазақ онимдерінің, олардың ішінде антропонимдердің, поэтонимдердің табиғатын жаңаша тану міндеттері қойылып отыр.

Тіл тарихын зерттеуде жалқы есімдер теңдесі жоқ материал болып табылады. Жеке адамның ғана емес, тұтастай бір халықтың тарихын, ұлттық болмысын, салт-дәстүрінің басты көрсеткіші деуге болады.

Есімдерді зерттеу тек тіл білімі үшін ғана емес, тарих, этнография, мәдениеттану сияқты ғылымдар үшін де маңызды.

Тіл – қоғамдық құбылыс. Сол себептен де қоғамның даму заңдылықтарын қарастыратын тарих, этнография, философия секілді ғылымдармен тығыз байланыста дамиды. Солардың ішінде тіл - халықтың ғасырлар бойғы рухани мәдениетін, салт-санасын, жан-жақты танытатын сөз құдіреті.

Ұлттық әдебиет әлемінде ХХ ғасырдың 20 жылдарының екінші жартысында дүниеге келген Ғабиден Мұстафин – сөз өнерінде өз үлгісі, өзіндік стилі, сөз өрнектерімен ерекшеленетін жазушы. Ол өзі өмір сүрген дәуірді суреттеген кезде өз ойын, мақсатын, идеясын оқырманға жеткізу үшін өмір құбылыстарының тарихын аша, ақтара бейнелейді. Суреткер көшпелі қазақтың кең даласындағы Ұлы қазан төңкерістерінің толқынын, Кеңес үкіметінің барлық халыққа бірдей пана болмай, жікке қазақ ауылдарын дауылдай суық соққанын, соның салдарынан текті халықтың туған елден шетелге Қытайға үдере кетуіне мәжбүр болуынан көрініс беретін шығармасына «Дауылдан кейін» деген атау берген. Зерттеушілердің пікірі бойынша шығарма атаулары «Тұтас бір шығарманың ықшамдалған түрі ретінде» мәтіннің өзі болып табылады. Л.С. Выготскийдің ойы бойынша: «Әңгімеге атау бостан-босқа берілмейді, ол басты тақырыпты ашу үшін қажет» [1; 196]. Шығарма атаулары мәтіннің өзектілігін көрсетуші болып табылатындықтан Ғ.Мұстафин өз шығармасына неліктен табиғат құбылысының атауын арқау еткен деген сауал туындайды. Осы сұрақтың жауабын қарастыру барысында қаламгер ларының тылсым құпияларын ашуға мүмкіндік аламыз. Қазақ тілінің түсіндірме сөздігінде: «Дауыл» - з.е. 1) шаңдатып, борандатып алай-дүлей, қатты соққан жел дегенді білдіреді. Дауылдың екі түрі бар: 1) Қара дауыл – шаң, топырақ, көтеріп соғатын дауыл. 2) «Көк дауыл» - аязды, қарлы боран [2; 63]. «Дауыл» сөзінің мағынасын этнофилософиялық тұрғыдан зерделесек, «Дауыл» лексемасы жазушы тілінде образдық сипатқа ие болып, «қиыншылық, тауқымет» дегенді білдіретін логикалық модель ретінде көрініс береді. Жазушының шығармаға берген атауы адам баласының санасында нақты ұғым түрінде емес, сөз тудыратын ассоциациялар мен таным түсініктердің жиынтығы ретінде берілген. Сонымен қатар романның атауы мәтінде қарастырылған оқиғаның локальды-темпоралды қатыстырылып (оқиғаның орны мен уақытын) меңзейді. Жоғарыда аталған дауылдың екі түрі де дауыл ұғымы жайсыздық түсінігінде қалыптасқан. Ол фольклор арқылы көрініс береді. Халық ауыз әдебиетіндегі аңыз-әңгімелерде, ертегілерде адамзатқа үрей-қорқыныш туғызатын табиғат құбылысы ретінде көрсетіледі. Мысалға, «...Қорқыт жарық дүниенің есігін ашқанда, ауа райы күрт өзгеріп, аяқ астынан дауыл көтеріліп, дүниенің астан-кесетін шығарды» [3; 25].

Ата-бабамыз көшпелі өмір салтын ұстанғаны тарихтан белгілі. Көшпелі өмір таиғат құбылыстарына тәуелді болған. Сол себепті халқымызда барша тіршілік болмысы жер-ана, табиғатпен тамырлас, олар табиғат құбылыстарының сырын терең тану арқылы сыртқы әлемді сезініп, қабылдаған. Сондықтан табиғат тылсымын жай ғана біліп қоймай, оның өзін ана тіліміздің астарлы мағынаны бейнелейтін атау ретінде қолдана білген. Осы тұрғыдан келгенде, қазақ жазушылары таиғат құбылыстарының атауларын өздерінің көркем шығармаларына тақырып етіп алуы заңды.

Зерттеу әдістері

Біздің ғылыми зерттеуімізде салыстыру, саралау, жинақтау, лингвомәдени талдау, лингвистикалық талдаудың этимологиялық әдісі, әдеби тәсілдері қолданылды. Соның негізінде жалқы есім болып табылатын поэтонимдердің өзара ерекшеліктері жан-жақты қарастырылды, атап айтқанда:

- көркем шығарма тілінде кездесетін тіл мен этнос аралық сабақтастықтың өзара қатынасы;

- поэтикалық тілдің ономастикалық өрісіндегі жазушы танымының өзіндік орнын таныта алуы;

- көркем туындының мазмұны мен сюжет желісінің біртұтастығына арқау болатындығымен ерекшеленеді.

Профессор Е.Ә. Керімбаев: «Қазақ жалқы есімдерін этномәдени аспектіде зерттеу қазақ ономастикасының этнографиялық, материалдық және материалдық, рухани мәдениетінің кең әрі алуан түрлі байланыстарын ашып көрсетеді. Жалқы есімдерде халықтардың жайғасқан орны мен этникалық құрамы туралы ақпарат, материалдық, рухани мәдениеті жөніндегі деректер болуы, діни дүниетаным мен сенімдер, әдет-ғұрыптар мен салттар және халықтың рухани әрі әлеуметтік өмірі басқа жа салалары туралы мәліметтер орын алуы мүмкін» [4; 9]. Өсы пікір негізінде қазақ онимдерін соның ішінде жалқы есімдерді мәдениетпен байланыстыра зерттеу арқылы халықтың қайталанбас болмысын, ана тіліміздің реңк ерекшеліктерін көруге болады. Әсіресе, ұлттық мәдениет пен рухани құндылықтардың тілдегі көрінісі әдебиет болып табылады. Осы көркем әдебиетіндегі поэтонимдер автордың ойы мен эстетикалық белгілерін, таң жанрының көзқарасын ашуға мүмкіндік береді. Сол себепті әдеби кейіпкерге есім тегіннен тегін берілмейді. Көркем шығармады кездейсоқ аттардың болуы да мүмкін емес. Жазушылар әдеби туындыдағы кейіпкерлеріне ат беру мотивациясына әлеуметтік мән беріп, эмоционалды-эксперссивті ыңғайда жұмсалыуына, оқырман көңілін селт еткізердей мазмұнды мақсатта қолданады. Осы орайда ұлы жазушы В. Гюгоның «Алдымен атты ойлап табу керек. Ат табылған жерде сюжетті табу қиын емес» [1; 195] деген сөзі де еске түседі. Сол себептен болар көркем шығарма кейіпкеріне есім жазушы талғамынан туып, көркем мәтіннің мазмұнына қарай беріледі. Мысалға, Ғ. Мұстафиннің «Дауылдан кейін» романында бес жүзден астам антропонимдер бар. Қаламгер өзінің негізгі кейіпкерлерінің біріне Шолпан есімін берген. Бұл есім көптеген ақын-жазушылардың шығармаларында, халық ауыз әдебиетіндегі жырларда кездеседі. Осы «Шолпан» атауының мән-мағынасына үңілер болсақ, Шолпан – күнге жақын жүретін ғаламшарлардың бірі, жарық жұлдыз [2; 250]. Жұлдыздар – аспан шырақтары. Жұлдыз сөзі екі сыңардан, яғни екі компоненттен тұрады. Оның бірінші компоненті «жұлд» болса, екінші компоненті «ыз» морфемасы. «Жұлд» сөзі бастапқы тұлғасы өзгерген о баста «жылт» (жылтылдаған) мағынасындағы лексема екенін бағдарлаймыз. Оның реконструкциясын былайша түсінеміз: жұлд-йылд-йулд-жылд-жылт. Ал екінші компоненті «ыз» көне көптік жалғау көрсеткіші. Демек, жұлдыз «жылтыраған, жылтылдаған денелер» деген мағыналы сөз екенін ұғынамыз. Сол секілді Шолпан да астрономиялық ұғым. Халықтың астрономиялық ұғымдары ерте замандарда, өмір тіршілігімен байланысты туып, ғасырлар бойы қалыптасқан. Тіліміздегі Шолпан Ай, Күн, Жұлдыз, Үркер, Жетіқарақшы, Темірқазық секілді космонимдік есімдер қатарына жатады. Шолпан – ең жарық жұлдыз. Бұл жұлдыз таң алдында шығады. Түркі тілдерінде: өзб. Чолпан, алт. Чолман, Чөлбөн. Қырғ. Чолпан, Чолпон. Парсы тілінде зухра деп атайды. Бізде халық арасында Шолпан атауының Жарық жұлдыз, Тұлқатын, Нарық жұлдыз, Зухра, Керуен жұлдыз, Таң Шолпан деген синонимдері де бар. шолпан атауының халық арасында бірнеше атауға ие болғанына қарағанда басқа тілден енген яки көне алтай тілінен қалған болса керек [5; 448].

Шолпан сөзінің мән-мағынасы құпия, этимологиясының көмескі келуінің өзіндік сыры бар. Ол әдеби кейіпкерлерге тән есім. Заманмен бірге түрлі өзгерістерге ұшырып,

бастапқы тұлғасынан өзгеріп, бір тілден екінші тілге жеткенде басқа күйге ұшырап отырса керек. Жоғарыда келтірілгендей түркі апаттардан қорғау үшін табиғат-анаға, көк тәңірісіне сиынып, медет тілегені, қараңғыда жол көрсетуші жарық осы Шолпан екені аңыз-әңгімелерден белгілі. Бұл атау тілімізде о наным-сенімдер негізінде қалыптасқан антропонимдердің бірі. Алғашқыда бұндай онимдер кие тұтып табынуға байланысты қойылса, кейіннен уақыттың өтеуімен өзгерістерге ықшамдалу түріне көшкен.

Адам есімінің құдіретті, сиқырлы күшіне сенумен байланысты мен әдеп-ғұрыптар туралы сонау 19 ғасырдың өзінде Ш. Уәлиханов былай деген: «Әдет-ғұрып деп алдынала бір нәрседен хабар беру тұрғысында орындалатын салтты айтқан» [6; 165]. Осы негізден келгенде, көркем шығармадағы бұл есім халқымыздың танымынан туғандай. Яғни, дүниеге келген сәбиі Таң жұлдызындай сұлу болсын деп, жұлдыздай жарқыраған, «жұлдызы жоғары, бақытты адам» болсын деген ниеттен туған. Сонымен қатар күнге жақын жүретін ғаламшар болғандықтан айналасына жылы шуақ шашып, мейірімді болсын деген жақсы үмітпен ырымдап қойылатын есім. Сол себептен болар әлі күнге дейін қазақ халқы өз қыздарына Шолпан деп ат қояды. Ғ. Мұстафиннің «Дауылдан кейін» романында кездесетін Шолпан есімі шығармада суреттелетін оқиғамен тығыз байланысты. Жазушы романда: «Шолпан» - жарық жұлдыз ғана емес, әдемілік пен сұлулықтың, қол жетпес биіктіктің символы. Мұның астарында қыздарымыз әдемілікті сақтап, тазалықты лайламай, тек жарық жұлдыздай биіктен көрінсе деген ой-арман жатқанын байқау қиын емес.

Н. Тынянов: Көркем шығармаларда танымал емес есімдер жоқ. Шығармада аталған әр есімнің өзі мағына» [1; 196] деп бекерге айтпаған. Осы ой негізінде көркем шығармалардағы әдеби кейіпкерлерге берілген есімдердің өзіндік сыры бар екенін аңғаруға болады. Қазақ мәтіндерінде көпшілік қазақ оқырмандарына түсінікті, астарлы ұғымды білдіретін ішкі танымға ие нәзік емеуірінді антропонимдер көптеп кездеседі. Көптеген қазақ антропонимдерінің сол мәдениетті қабылдаушылар үшін қосымша мағыналары болуы мүмкін. Мысалға, «Дауылдан кейін» романында қазақтардың әйел сұлулығы туралы түсінігін бейнелейтін әйелдердің қатарына Шолпан, Маржан, Танакөз, Ақтамақ жеген аттарды жатқызуға болады. Мәселен, жазушы Маржан қыздың портретін былайша суреттейді: Мінезі жібектей, денесі қақтаған қайындай, таспа бел, жібіместі жібіткендей. Күлкісі, үні сонша таза – хрустальша сыңғырлайды. Осынау үлкен қоңыр үйді бір өзі толтырып, жайнатып тұр [6; 392].

Бұл поэтикалық антропонимдер қаламгер суреттеп отырған кейіпкер бейнесін аша отырып, қазақ аруларының әдемілігін, нәзіктігін, сымбаттылығын танытады. Мысалға, Аман ойда отыр: «Шолпаннан артық Маржан, ақтамақ бірінен-бірі өтеді, біріне-бірі ұқсамайды. Жақсының да түрі көп екен ғой [6; 393]. Бұл поэтонимдер көркем мәтінде номинативті жекелеуші қызметтен басқа эстетикалық-бейнелеушілік қызмет атқарып тұр.

Зерттеу нәтижелері

Ұлттық білім беру мекемелеріндегі негізгі пәндердің бірі болып табылатын әдебиет сабағы – жас ұрпақтың оқу мен жазу сауаттылығын, ойлау және сөйлеу қабілетін қалыптастыруға жұмыс жасайды. Біздің тараптан «Тілдік атаулардың сыры» атты таңдау пәнінің бағдарламасы жалпы орта білім беретін мектептердің 10-сыныбына арналып дайындалды. Ондағы негізгі ой - қазақ мен әдебиеті пәні бойынша берілген негізгі оқу бағдарламаларын жетілдіре түсу, бейнелі сөздерді тілдің этномәдени жүйесінің ұлттық код қызметінде жұмсалы ерекшелігін танытып, олардың ұлттық мәдени негізін айқындау арқылы оқушылардың білімдерін кеңейту болып табылады.

Т. Жанұзақов: «Қазақ есімдері қоғамда және күнделікті өмірде атқаратын функциясы мен құрылысына қарай бірнеше салаға бөлінеді. Адамның шын атымен қатар лақап, қосалқы есімдерінің болуы өмірде бар құбылыс» екендігін айтады [5; 177]. Кісі есімдерінің лақап ат (арабша – титул, атақ-дәреже) деген түрі өте ертеден келе жатқан есім болып табылады. Оның көнелігіне халық ауыз әдебиеті куә. Аңыз-ертегілердегі Желаяқ, таусоғар, Шығайбай есімдері адамның әр түрлі қасиеттеріне байланысты берілген лақап аттары.

Қазақ тіліндегі лақап аттарды қызмет ету аясына қарай үш түрге бөлуге болады: 1) Отбасылық-тұрмыстық лақап аттары 2) Халық ауыз әдебиетіндегі лақап аттар 3) Тарихи тұлғалардың лақап аттары (толық, жартылай)

Отбасылық-тұрмыстық лақап аттар белгілі бір ортаға (үй іші, сынып, топ, ұжым) жататын адамдардың ой-көзқарас ассоциацияларына байланысты туып, көпшілікке тарайды. Мұнда көбінесе адамдардың бойындағы кемшілікті (арықтық, семіздік, тіліндегі мүкістік т.б.) көрсетуге бағытталған. Мысалы, Томпақ, Майкөз, т.б.

Тарихи тұлғалардың жартылай лақап аттары есімдерімен тіркесіп келіп, анықтауыштық қызмет атқарып тұрады. Мысалы, Әз Жәнібек, Әз Тәуке, т.б.

Ғ. Мұстафиннің «Дауылдан кейін» романында кейіпкерлеріне берген лақап аттың бірі – Танакөз. Әдеби шығармадағы лақап атты автор кейіпкер бойындағы ерекшеліктерге немесе кемшіліктеріне қарай бере отырып, кейіпкер мінезін ашушы элемент ретінде қолданған.

- Танакөз қайда? – деді келісімен. Әйелінің аты - Бәтен. Көзі үлкен, таза болған соң, Танакөз атанған. Сол сияқты: Әбекеннің бас үлкендеу, еттілеу болған соң, Бәтен оны «Наубас» дейтін [6; 170].

Сәлиманың Ақтамақ аталуының мәні шығармада былай суреттеледі: «Ашық, өткір әйел. Қалжыны, шыны қайсы екенін білу қиын, сөйлегенде, көзі ылғи күлімдеп тұрады. Бетінің көлденеңі қысыңқы, тұрқы шығыңқы, ұзынша мұрнының үш жағы етекгілеу, түп жағы жіңішке, бидай өңдінен бөлініп, бұғағы аппақ болып көрінеді. Аман мейлінше сүйсіне әрі сынап отырып, бұғаққа көзі түскенде, Ақтамақ деп елең етті көңілі» [6; 170].

Қазақ антропонимиясында сыйластық есімдер бар. Тілімізде жасы, дәрежесі үлкен, әлеуметтік жағдайы жоғары кісілерді қарату үшін қолданылатын есімдер тобы. Бұл жалқы есімдерді өзгерте қолдану ежелден келе жатқан дәстүр. Қазақ халқында үлкенге деген ілтипатретінде қолданылып, эмоционалдық қызмет көрсету негізінде қалыптасқан. Көркем шығармаларда ұлттық болмысымыздан хабар берумен қатар бейіпкер бейнесін ашу мақсатында да жұмсалады. Сәпеннің шарифаты резеңке тәрізді! – деп Жақып жұртты бір күлдірді. «Сапекен қолтығына дым бүріксе керек, қарадан қара отырып, Байбол екеуімізбен байланысқаны [6; 22].

Әдеби шығармада қазақша тілқату дәстүріне тән сыпайылық көрсететін реңктегі атаулардың нұсқалары ұлттық дүниетанымнан көрініс береді. Яғни, көркем әдебиет әлемінде этнос болмысына қатысты халықтың эстетикалық талғамын көрсететін антропонимдер тілдік, когнитивтік жүйе арқылы халық жадында сақталып, дүниенің тілдік болмысын суреттеуде өз үлесін қосады.

Жалқы есімдердің әлеуметтік ерекшелігі тілек, қалау есімдерінде айқын көрінеді. Қазақ тіліндегі тілек есімдер халықтың дүниетанымында адамның қандай болуы керектігі туралы түсінік береді. Яғни, қазақтардың тілдік санасындағы адамның стереотипін көрсетеді. Осындай есімдер жоғарыда аталған романда Аман, Азат, Әділ, Серік, Ырысжан, т.б. бар. Осы есімдерден халықтың арман-мұраттары көрінеді.

Жазушы өз әдеби шығармасына бұл есімдер қатарын тектен-текке алмаған. Қазақ балаларының бойынан әділдікті, шыншылдықты, адалдық сияқты жақсы қасиетті көргісі келіп, ынтымақты, берекелі болса, сонымен қатар ешкімге тәуелді болмайтын, азат елдің азаматы болса деген ниеттен туған. Оған айғақ роман соңында дүниеге жас сәбидің өмірге келуі. Автор ол кейіпкеріне Азат деген есім береді: «- Онда мен әкелік өсиет қалдырайын! – деп, қуанғанынан басын көтеріп алды Аман. Қыз туса, атын Азат қой, Анасындай шырмауда қалып қоймасын деген жорам. Ұл туса, атын Болат қой. Қиындықтарға төзімді болсын деген жорам» [6; 321]. «Анаң байғұс торға түсіп қалған соң, сенің атың Азат қойылып еді [6; 463]. Ырымдаудың астарында келер күнге деген жақсы тілектің жатқаны аңғарылады. Осы тұрғыдан келгенде, көнеден қалған наным-сенімдермен, сәбиге ат қоюдағы арман-тілектің өзара байланысты екені байқалады.

Қорытынды

Есім дүниеге келген нәрестеге әке-шеше, туған-туыстарының үміт-армандары мақсат-мұраттарын бір арнада тоғыстырып берген аты. Адамға атөмірінде бір-ақ рет қойылады. Сондықтан оған аса жауапкершілікпен қараған жөн. Құран хадистерінде де ата-ананың перзент алдындағы басты парыздарының бірі – дүниеге жаңа келген сәбиіне жақсы, жағымды ат қою болып табылады. Сол себептен болар, қазақ халқы ерте заманнан балаға ат қоюға үлкен мән берген. Ат қою туралы қазақ ономастигі, ғалым Т. Жанұзақов: «Кісі есімдерінің шығу, қойылу тарихы өте көне замандарда, алғашқы рулық қоғамға барып тіреледі. Әуелде ру, тайпа аттарының, содан кейін кісі аттарының шыққаны бүгінгі күнде ғылымда белгілі боп отыр» [5; 49] деген пікір айтады. Бала туғаннан кейін қырық күн өткен соң ел ішіндегі аузы дуалы қарияға немесе баланың атасына, әжесіне атын қойғызады. Кейде «Қырықтың бірі - қыдыр» деп құдайы қонаққа да, молданы әкеп, азан шақыртып, баланың атын қойдыртады. Ат қойыстың өзінен де бүкіл бір халықтың ұлттық ерекшелігі, таным-түсінігі, ой-арманы ап-айқын көрініп тұрады [5; 53]. Бұл үзінділерден ат қою ұлтымызға тән ерекшелігі сонау көне заманнан келе жатқан дәстүр жалғастығын байқауға болады.

Қазіргі кезде этнос табиғатын толық танып білуге қажетті тілдік фактілерді, сол фактілер қабатында астарында жатқан небір ғажайып этнолингвистикалық деректерді тауып, сөйлетеуге болады. Әрбір зат пен құбылыстың, ұғым мен түсініктің бастауын ғана емес, одан тарап жатқан қатысты дүниенің бәрін (атауы негізінде) қамти отыра зерттеу сөздік қорымыздың баюына, тілдің сөзжасамдық жүйесінің жетілуіне ықпал етеді. Бейнелі түрде суреттеп беруден туындаған тіліміздегі атаулар ғасырлар бойы халық тәжірибесінен пайда болып, қалыптастқан. Тіліміздегі атауларды, антропонимдерді зерттеу негізінде халқымыздың өзіндік лингвомәдени, танымдық ерекшеліктерін, әмбебап белгілерін аңғаруға болады. Көркем шығармадағы солардың ішінде жалқы есімдер, поэтонимдер халқымыздың мінез-құлқы, дүниетанымы, әлеуметтік көзқарасы, қарым-қатынас мәдениетін танытуда өзінің бағыттауыштық символдық, аялық, бейнелеуіштік функцияларымен ерекшеленіп, көркем мәтін тілінде танымды тұрғыдан маңызды мағына тудырушы рөл атқарады.

Қазақ есімдерін лингвомәдени тұрғыдан зерттеуде тіл қарым-қатынас құралының ғана қызметінен тұрмайды. Ол адам өмірінің рухани мәдениетінің қазақ халқына тән тума қасиеттерін жинақтаушы, ұрпақтан-ұрпаққа жеткізуші құралы ретінде де танылды. Антропонимдерді лингвомәдени тұрғысынан қарастыру арқылы ұлттық болмыстың тілдегі көрінісін, тіл фактілері мен танымдық, этика-эстетикалық категориялары арқылы рухани мәдениетін тану, олардың қызметі мен орнын анықтау деп түйіндеуге болады.

Әдебиет:

1. Мәдиева Г.Б., Иманбердиева С.Қ. Ономастика: зерттеу мәселелері. - Алматы, 2005. - 195-196 б.
2. Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі. - Алматы: «Дайк-Пресс», 2008. - 63-250 б.
3. Қыраубайқызы. Ежелгі әдебиет. - Астана: «Елорда», 2001. - 25 б.
4. Керимбаев Е.А. Казахская ономастика в этнокультурном номинативном и функциональном аспектах. - Астана: «Санат», 1995. - 9 б.
5. Жанұзақ. Қазақ ономастикасы. Атаулары сыры. - Астана, 2007. - 22-448 б.
6. Қазақ халқының салт-дәстүрлері. - Алматы, 1994.
7. Мұстафин Ф. «Дауылдан кейін» романы. - Алматы, 1972. - 165-413 б.

References:

1. Mádíeva G.B., Imanberdieva S.Q. Onomastika: zertteý máseleleri. - Almaty, 2005. - 195-196 b.
2. Qazaq tiliniń túsindirme sózdigi. - Almaty: "Daik-Pres", 2008. - 63-250 b.
3. Qyraýbaiqyzy. Ejelgi ádebiat. - Astana: "Elorda", 2001. - 25 b.
4. Kerimbaev E.A. Kazahskaa onomastika v etnokýltýrnom nominativnom i fýnktsionalnom aspektah. - Astana: "Sanat", 1995. - 9 b.
5. Januzaq. Qazaq onomastikasy. Ataýlary syry. - Astana, 2007.
6. Qazaq halqynyń salt-dástúrleri. - Almaty, 1994. - 22-448 b.
7. Mustafin G. "Daýyldan keiin" romany. - Almaty, 1972. - 165-413 b.